



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ұлттық Банк **Е. БӨКЕТОВ. 100 ЖҮЛ** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2025 жыл, 16 қыркүйек

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан **Е. БӨКЕТОВ. 100 ЖҮЛ** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Коллекциялық монеталар **2025 жылғы 22 қыркүйектен** бастап ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет дүкені арқылы сатылады.

Е. БӨКЕТОВ. 100 ЖҮЛ коллекциялық монеталары туралы

Монета белгілі қазақстандық ғалым, химик, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, жазушы және аудармашы – Ебіней Арыстанұлы Бөкетовке арналған. Монета дизайнында оның портреттік бейнесі көрініс тапты.

Монеталар мельхиор (МН 25) қорытпасынан, салмағы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы brilliant uncirculated, номиналы 200 теңге, таралымы 5000 (бес мың) данада жасалды.

Монетаның бейнесі



Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнымен төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банктеріне аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға міндетті.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz